



21-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Баршаға әділдік, барлық жерде





## Компенсациялық дискриминация

Компенсациялық дискриминацияның түрі көп. Бұл белсенді жинақтау саясаты арқылы нақты топтардағы адамдарды жұмысқа тұруға өтініш беру немесе қызметтік салада өсуге ынталандыру мәселесі болуы мүмкін. Бұдан да маңызды және қарама-қайшылықты мәселе - компенсациялық дискриминация жалдау немесе жұмысқа қабылдаудың «преференциялық «саясатын қамтуы мүмкін. Мұны жүзеге асырудың басқа да түрлі әдістері бар. Факультетте жұмыс істейтін әйелдер санының көбірек болғанын қалайтын университетті елестетіп көріңіз. Мұндай жағдайда үміткер әйелдер үшін қатаң квота белгіленуі мүмкін. Квота берілмеуі де мүмкін, алайда әйелдердің өтінімдерін қарау барысында жеңілдіктер жасалуы мүмкін. Немесе бұл жерде жынысты қабілеттері жағынан шамалас үміткерлер арасын ашу үшін қолдануға болады. Әрине, басқа стратегиялардың да болуы мүмкін. Жалпы алғанда, Компенсациялық дискриминацияның мақсаты мамандық таңдау еркіндігі мен теңдікті дамытуға бағытталған.

Неге қолайлы болмасын? Ұнамсыз қылықты кемсіту «мәселенің негізіне қатысы жоқ таңдау» ретінде анықталуы мүмкін. Сонымен бірге, адамның жынысы мен нәсілі (бұл ұғымдарға келесі бөлімдерде кеңірек тоқталамыз) таңдау үшін ешқашан релевантты негіз болмаған. Бәлкім адамдарға жеке тұлға ретінде қарамай, топ мүшесі ретінде қарым-қатынас жасау дұрыс емес шығар. Біреудің ем алуы оның қара не ақ нәсілді екеніне немесе еркек не әйел екеніне қатысты болмауы керек, бұл жағдай, әсіресе шектеулі ресурстарды бөлу кезінде тіпті маңызды болмақ. Нәсілдік немесе жыныстық кемсітуге қарсы аргумент компенсациялық дискриминацияға қарсы аргументке айналуы мүмкін. Әркімге оның жеке қасиеттеріне қарай қарым-қатынас жасалуы тиіс. Басқаша әрекет ету әділетсіз. Бұл тіпті жағдайды нашарлатуы мүмкін. Мысалы, орта таптан шыққан әйелдердің біліктілігі олардан жағдайы төмен еркек үміткерлердікіне қарағанда төмен болса, әйелдердің медицина мектебіне түсуіне көмектесу қаншалықты әділ?

Компенсациялық дискриминацияға айтылатын тағы бір қарсылық оның өз ішінде қайшылықты болуы. Әлдекім өзінің отырған орнына компенсациялық дискриминация арқылы келсе, оны осы факт ұятқа қалдыруы мүмкін. Одан да зорғысы, сәтсіздікке ұшыраған топ мүшелерінің қалай болғанда да жұмысқа орналасатыны немесе орын табатыны белгілі, сондықтан оларға осы бағдарламаның бенефициарлары ретінде қарайтын көзқарас қалыптасады да, олар стигматизацияға тап болады. Олар жеңе алмайды. Осы көзқарас тұрғысынан алсақ, компенсациялық дискриминация қамқор болумен қатар, адамды қорлайды да әрі ұзақ мерзімді тұрғыдан алғанда пайдадан гөрі зиянын көп тигізуі мүмкін.

Бұл - қатты айтылған сын. Компенсациялық дискриминацияны құтқаруға бола ма? Қорғаныстың түрлі тәсілдері болуы мүмкін, алайда олардың күштері тең емес. Келтірілетін аргументтердің бірі компенсациялық дискриминацияның жай ғана мүмкіндіктер теңдігінің жалғасы іспеттес екенін айтады. Кез келген меритократиялық жүйеде лауазымды қызметтерді қабілетті адамдар алуға тиіс, алайда формалды біліктілікке сүйену, көбіне озық мектептерде білім алғандарға, текті отбасыдан шыққандарға немесе үйде барынша қолдау мен ынталандыруды көріп өскендерге артықшылық беріп жатады. Компенсациялық дискриминация артықшылыққа ие жандардың тым әсірелене көрсетілген біліктілігінің төлейтін өтемақысының бір тәсілі болуы да мүмкін.

Егер артықшылыққа ие адамдар шынайы өмірге қарағанда өз өтінім қағаздарында әлдеқайда жақсырақ көрінсе, бұл аргумент сенімді болар еді. Алайда, біліктілігі жоғары тұлғалар құнды дағдыларды меңгеріп, сертификаттар да алды, сондықтан олардың қолда бар мүмкіндікті пайдалануда немесе жұмысты жақсы орындауда артықшылықтары бар. Мүмкіндіктер теңсіздігі жинақталуға бейім тұрады және бір артықшылыққа ие болған адамның жағдайы келесісіне жету үшін әлдеқайда тиімді болмақ. Олардың әлеуеті басқалардан басым болмаса да, артықшылыққа ие болған топ дағдыларды меңгеріп, жетілдіре алады, осылайша өзінен жағдайы әлдеқайда төмен адамдармен бәсекелестікте анағұрлым маңызды табыстарға жетеді. Бұған жауап ретінде әділдік дағдыны меңгеруде мүмкіндіктердің тең болуын талап етеді дегенді айтуға болады, бұл - Роулздың пікірі. Алайда бұл ары қарай компенсациялық дискриминацияның емес, білім беру деңгейінің араласуын талап ететін сияқты көрінеді.

Екінші аргумент компенсациялық дискриминацияны әлеуметтік пайдалылық негізінде қорғайды. Адамдар нәсілі де, жынысы да өзімен бір кәсіпқой адамдармен іс жүргізгенде, өздерін әлдеқайда жайлы сезінетіні айтылады. Қара нәсілді әйел дәрігерлер мен адвокаттар қоғамға көбірек керек, ал заң және медицина мектептері осы қоғамдық қызметтерді атқару үшін кез келген топтан шыққан адамдарды оқытуға міндетті. Бұл - тағы да аса сақтықпен қарауды қажет ететін аргумент. Тек аргумент кәсіби рөлдерге қатысты ғана қолданылғандықтан аумағы жағынан өте шектеулі, ал адамдар шынымен де өзімен нәсілі де, жынысы да бір кәсіпқой мамандарға артықшылық беруге бейім бе? Әрі адамдардың мұндай қалауы бары



рас болса, біз ары қарай еш сұрақ қоймай, мұны қабылдауымыз керек пе? Сондай-ақ, әйелдер немесе қара нәсілді дәрігерлер мен заңгерлер басқа жерлерде әлдеқайда көбірек табыс табатын болса да, олар тек өздерінің қызметіне мұқтаж аймақтарда ғана жұмыс істеуге келіседі деп қалай болжай аламыз?

Үшінші аргумент бұрынғы кеткен әділетсіздіктің орнын толтыру немесе өтеу идеясына негізделген. Бұл әсіресе, көптеген афроамерикандықтар немесе британдық афро-карибтіктердің қазіргі нашар жағдайы белгілі бір деңгейде кезіндегі құлдық сауданың қалдырған ізі. Компенсациялық дискриминация осы өткендегі әділетсіздіктерді өтеуге тырысуға қатысты жүйелі стратегиялардың бірі.

Бұған қатысты қазіргі кезде ақ нәсілділер құл ұстамайды, сондықтан қара нәсілділерге ешбір әділетсіздік жасалып отырған жоқ деген қарсы пікір айтылады. Алайда, бұл басты мәселені назардан тыс қалдырып отыр. Ақ нәсілділер бұрын жасалған әділетсіздіктерге себепкер болмаса да, оның бенефициарлары болып шығады. Ер адамдар да, әйелдерге қарағанда өздеріне артықшылық берген мәдениеттің бенефициарлары ретінде қарастырылады. Сондықтан да кемсітудің залалын өтеуге негіз бар.

Осы аргументтердің әрқайсысы белгілі бір күшке ие, бірақ біз әлі де қорытындыға келмедік. Төртінші аргумент компенсациялық дискриминация саясатының символды күшін көрсетеді. Бұл қазіргі кезде қара нәсілділер мен әйелдердің университетте оқып, мамандық алуы құптарлық жағдай екенін және бұрын жағдайдың керісінше болғаны өкініш тудыратыны жайлы идеяны білдіреді. Тым құрыса қазіргі кезде теңсіздікті жойғып, өз ықпалдарын тигізгісі келсе, олардың жүрер жолы ашық болуы керек. Бұл бесінші аргументпен қатар жүреді, яғни әйелдер мен азшылық топқа белгілі бір мүмкіндіктерге жол бермей келген стереотиптерді бұзу қажет. Компенсациялық дискриминация рөлдік үлгілерді ұсынып, өздері қол жеткізе алатын мүмкіндіктерді көрсетіп, бүгінгі ұрпақтың көзін ашты.

Осы соңғы екі аргументтің үлкен артықшылығы - Олар бізге компенсациялық дискриминацияны қамтитын әлемнің идеалды емес екенін түсінуге мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді саясат ретінде компенсациялық дискриминация жағымсыз және кей жағдайда әділетсіз болып келеді. Компенсациялық дискриминацияның сыншылары айтқандай, адамдарға олардың жеке қасиеттеріне қарай қарым-қатынас жасау керек. Алайда, компенсациялық дискриминацияның уақытша саясатынсыз компенсациялық дискриминацияны қажет етпейтін, адамдарға олардың жеке қасиеттеріне қарай қарым-қатынас жасайтын әлемді орнату әлдеқайда қиын болады: Сондықтан, біз компенсациялық дискриминацияны анағұрлым әділетті әлемге қадам басудағы өтпелі саясат ретінде қарастыруымыз керек.

## Әділет пен нәсіл

Оң іс-әрекеттерді талқылау гендерлік теңдік және нәсілдік теңдік мәселелері арасында ұқсастықтың бар екендігін айқын көрсетеді. 1949 жылы Симона де Бовуардың әйелдерге ешқашан мүмкіндік берілмегені жөнінде айтқанын көрдік. Оның сөздерін 1900 жылы Лондонда өткен бірінші Панафрикалық съезде У. Э. Дю Буаның «Әлем халықтарына» атты баяндамасының алғысөзімен салыстырып көріңіз:

Жиырмасыншы ғасыр мәселесі – бұл түс (нәсіл) мәселесі, негізінен адамның терісінің түсі мен шашының құрамында көрініс беретін нәсілдік ерекшеліктер әлемнің халқының жартысынан көбіне қазіргі өркениет ұсынатын мүмкіндіктер мен артықшылықтарды толықтай қолдану құқығынан айыруға негіз болды.

Кемсіту жағдайындағы нәсілдердің өкілдері, сондай-ақ әйелдер тікелей және жанама кемсітудің құрбанына айналуы мүмкін және компенсациялық дискриминация саясаты осы екі жағдайда да қорғау құралы ретінде ұсынылды. Дегенмен, сексизм мен нәсілшілдік арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деп ойлау дұрыс емес және нәсілге қатысты әділетсіздікті жеке тақырып ретінде қарастыру маңызды. Соңғы бөлімде біз әйелдерді кемсітудегі тәжірибені ақтау тәсілдерінің бірі адамның өмірге келуінде еркек пен әйелдің түрлі биологиялық рөл атқаратынына қатысты талассыз фактіден бастау алатынын көрдік. Биология туралы әлдеқайда қарапайымдау пікірлер одан ары кеңейе келіп, әртүрлі «болмыс», әртүрлі қабілет және еркек пен әйелдің атқаратын жұмыстарының бөлінуінің өзара пайдасы туралы өте даулы пікірлерге айналуы мүмкін. Қолайсыз гендерлік стратегиялардың көпшілігі биологияға, әйел мен еркек болмыстарының айырмашылықтарына және ортақ пайдаға негізделген ізгі қамқорлыққа негізделіп жасалуы әбден мүмкін.

Нәсілдік кемсіту де көбіне биологияға негізделген сияқты көрінеді: биологиялық тұрғыдан алғанда нәсілдер әр түрлі және бір нәсіл басқасынан белгілі бір деңгейде басым болып жаратылған. Мәселен, «ақ нәсілділердің артықшылығы» осы көзқарастардың жиынтығын көрсетеді. Алайда, ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастарға қарағанда, нәсілдік айырмашылықтар «биологиялық қажеттілік» екенін көрсетпейтін еш тұжырым жоқ. Адамдар ерлер мен әйелдердің биологиялық рөлін атқармаған жағдайда,



Кітап: Саяси философияға кіріспе  
Дәріс: Баршаға әділдік, барлық жерде  
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

---

адамзат тарихының көп бөлігінде адам баласы көбеймес еді, алайда, жаңа репродуктивті технологиялар бұған қызықты ракурс қосып отыр. Бірақ адамның тіршілік етуі үшін нәсілдік айырмашылықтар аса маңызды деп ешкім де сенімді түрде айта алмайды. Шамасы, түрлі нәсілдердің пайда болуы адамзат эволюциясының артефакті болуы мүмкін, осы жерде адамдар Африкадан (адамзат алғаш эволюцияға ұшыраған жерден) ешқашан қоныс аударған жоқ және терісінің түсі немесе денесіндегі басқа да «нәсілдік» симпаттамалар мен белгілер айтарлықтай өзгерген жоқ дегенге саятын дәйекті балама тарихты елестете алар едік.